

"Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 желтоқсан N 308-І

"Мемлекеттік баж туралы" 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Z960065_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N23-24, 420-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 9-бапта:

н), т), у),ц), ш), -ю) тармақшалары алынып тасталсын;

р) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"р) мемлекеттік мекемелер - үшінші бір тұлғалардың мүдделерін қорғайтын жағдайларды қоспағанда, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша талап-арыздар берген кезде;"

2) 15-баптың 1-тармағындағы "Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Қобдалиева Н.М.)